

**"Қазақстанның Даму Банкінің қаржылық тұрақтылығының параметрлерін ( коэффициенттерін), олардың шекті мәндерін айқындау және Қазақстанның Даму Банкінің қаржылық тұрақтылығы параметрлерінің (коэффициенттерінің) шекті мәндерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 250 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 қазандағы № 633 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 шілдедегі № 603 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.07.2023 № 603 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстанның Даму Банкінің қаржылық тұрақтылығының параметрлерін ( коэффициенттерін), олардың шекті мәндерін айқындау және Қазақстанның Даму Банкінің қаржылық тұрақтылығы параметрлерінің (коэффициенттерінің) шекті мәндерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 250 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Қазақстан Даму Банкінің қаржылық тұрақтылығы параметрлерінің ( коэффициенттерінің) мынандай шекті мәндері айқындалсын:

- 1) бірінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті кемінде 0,08;
- 2) екінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті кемінде 0,10;
- 3) борыштық жүктеме деңгейі 7:1 аспайтын мөлшерде."

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстанның Даму Банкінің қаржылық тұрақтылығы параметрлерінің (коэффициенттерінің) шекті мәндерін есептеу әдістемесінде:

5-тармақтың 5) тармақшасындағы "реттелген борышы;" деген сөздер " реттелген борышы алып тасталады." деген сөздермен ауыстырылып, 6) тармақшасы алып тасталсын.

6-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер шартта қарыз алушының не акционердің бастамасы бойынша қарызды мерзімінен бұрын (толық немесе ішінара) өтеу мүмкіндігі, онда мұндай жабу

Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына және/немесе банктің осы әдістеде айқындалатын капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерін сақтамауына әкеп соқтырмауға тиіс екендігі көзделген жағдайда, банктің акционерінен тартылған, 4) тармақшаны қоспағанда, осы тармақтың талаптарына сәйкес келетін қарыз да банктің реттелген борышы болып танылады."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК